

**«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы және «Үштөбе қаласының гуманитарлық
колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорны арасындағы
ӨЗАРА ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМШАРТ**

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, атынан Баскарма Төрағасы – Ректор, з.ғ.д., профессор Бурибаев Ермек Абильтаевич, Жарғы негізінде әрекет ететін, және «Үштөбе қаласының гуманитарлық колледжі» МКҚК, атынан директор Идрисова Эльмира Нуржумановна, Жарғы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын, төмендегілер жайында осы Келісімшартты жасасты:

1. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1 Тараптар арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастыру және нығайту мақсатында білім беру, ғылым және мәдениет салаларында кадрлар даярлау тәжірибесімен және мамандар даярлаудың жаңа технологиялары туралы ақпаратпен алмасу, бірлескен жұмыстар жүргізу үшін білімгерлермен, оқытушылармен және ғылыми кадрлармен байланыс орнату.

1.2 Осы Келісімшарт Тараптардың арасында жасалған барлық келісімдердің негізін қамтамасыз етеді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Тараптар өздеріне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

2.1 Білім алушылардың алған білімдерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларын әзірлеу;

2.2 Университет білім алушыларына колледже тәжірибеден өтуді ұйымдастыру;

2.3 Колледж құрамына және білім алушыларына ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде кеңес беру;

2.4 Өзекті тақырыптар бойынша бірлескен ғылыми-инновациялық зерттеулерді ұйымдастыру, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруға жәрдемдесу;

2.5 Түрлі деңгейдегі бірлескен конференциялар, симпозиумдар, семинарлар ұйымдастыруға, жарияланымдармен және басқа да ғылыми материалдармен алмасуға ықпал ету;

2.6 Тараптардың өзара келісілген бағдарламалары бойынша колледж мамандарының біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;

2.7 Қызметкерлерге ғылыми зерттеулер мақсатында кітапханаларды пайдалану мүмкіндігін беру.

3. БАСҚА ШАРТТАР

3.1. Осы Келісімшарт Тараптардың бірінің бастамасы бойынша ұсынылуы мүмкін ынтымақтастықтың басқа нысандарын жоққа шығармайды;

3.2. Екі Тарап ынтымақтастықтың басқа да түрлерін қолдайды, олар бойынша шешім Тараптардың әрқайсысы жеке тәртіппен қабылданады;

3.3. Осы Келісімшартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда орындалса және оған екі тараптың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда ғана жарамды;

3.4. Осы Келісімшарт Тараптар арасында заңды немесе қаржылық қатынастар орнатпайды. Тараптар ынтымақтастықтың егжей-тегжейлі шарттарын жеке келісімдер арқылы реттейді;

3.5. Тараптар зияткерлік меншік құқықтарын олардың заңдарына, қағидаларына және ережелеріне сәйкес қорғауға міндеттенеді;

3.6. Тараптар ақпарат пен құжаттарды құпия түрде сақтап, оны екінші тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз басқа мақсаттарға пайдаланбайды.

4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Осы Келісімшарт екі данада жасалды, олардың әрқайсысы бірдей заңды күшке ие;

4.2. Барлық даулар мен келіспеушіліктер қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешіледі;

4.3. Осы Келісімшарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімге жасалады;

4.4. Тараптардың кез келгені екінші тарапты бір ай бұрын жазбанна хабардар ете отырып, Келісімшартты бұзуга құқылы.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН ҚОЛДАРЫ

«Ілияс Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті» KEAK
040009, Талдықорған қ.,
І.Жансүгіров көшесі 187 а,
www.zhetysu.edu.kz

Басқарма Төрағасы – Ректор м.у.а.:

Таубаев Бауржан Рысбекович

«24»



Қаратал ауданы «Үштобе
қаласының Гуманитарлық
колледжі» МКҚК Водопроводная
көшесі 12, Тел. (872834)7-90-29,
ushtobegumcollege@gmail.com

Директор:

Идрисова Эльмира Нуржумановна

«24» 01 2025г

